Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы
«Геодезия және картография колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

Бекітемін
Колледж директоры
_____________ Б.А.Салакчинов
«___»_____10_________20 14ж.

# КОЛЛЕДЖДІҢ ОҚУ ТОБЫНЫҢ БАСТАУШЫСЫ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

Семей қ.

## 1.Жалпы ереже

1. Оқу тобының бастаушысы оқу жылына ережеге сай, топ студенттері арасынан тағайындалады.

2. Топ бастаушысының жұмыстарына топ жетекшісі тікелей басшылық етеді.

3. Топ бастаушысының міндеттерінің орындауын қадағалау күндізгі бөлім меңгерушісі мен директордың ТЖ орынбасарына міндеттелген.

## 2. Топ бастаушысының міндеттері

1. Топ бастаушысы әрдайым топ пен колледж әкімшілігі арасында байланысты қамтамасыз етіп, колледждің оқу тобы бастаушыларының жұмысына қатысады.

2. Топ бастаушысы студенттер ұжымның сабаққа қатысуы мен үлгерімін жақсарту мақсатында студенттік ұжыммен бірлесіп, оқу тобының белсенділерін қалыптастырады.

3. Топ бастаушысы студенттердің сабаққа қатысуын қадағалап, топ жетекшісін, директордың ОЖ орынбасарын, бөлім меңгерушілерін топтың оқу жұмысы жөнінде ақпараттандырады.

4. Ай сайын топ студенттерінің оқу үлгерімі мен сабаққа қатысу ведомостарының толтырылуын ұйымдастырып, түсініктеме мен өтініш құжаттарын уақытында өткізуін бақылауды қамтамасыз етеді.

5. Топ бастаушысы топ белсенділерімен біріге отырып, топішілік сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастырады.

6. Топ бастаушысы ата-аналар жиналысын, топ сағаттарын өткізуге топ жетекшісіне көмектеседі.

7. Топ бастаушысы оқу орнының бекіткен құжаттарын жүргізеді және колледж әкімшілігі алдында жауапкершілік артады.

8. Топ бастаушысы директордың ОЖ орынбасарының, бөлім меңгерушілерінің алдында топ студенттерінің үлгерімдері мен сабаққа қатысуы бойынша есеп береді.

## 3. Топ бастаушысының құқықтары

1. Колледждің топ бастаушыларының жиналысында топ мүдделерін ұсыну.

2. Топ жетекшісімен бірге колледж әкімшілігі алдында студенттердің оқуда жоғары жетістіктерге жеткені мен қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін ынталандыруды өтіну.

3. Студенттік өзін – өзі басқару органдарының жұмысын жетілдіру бойынша колледж әкімшілігіне ұсыныстар енгізу.

4. Колледж әкімшілігі алдында студенттік өзін-өзі басқару жұмыстарын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.

5. Топ бастаушысының жұмыстарына қажетті ақпаратты колледж әкімшілігінен алу.